





Қоқышұлы Мағаз

1926 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданында дүниеге келген. 1944 жылы майданға аттанады. 2-3 ай әскери дайындықтан кейін Румыния жерін азат етуге жіберіледі. Соғыста 24- және 47-атқыштар полкінде қатардағы жауынгер болған. Соғыс аяқталған соң 92-полкте аға писарь болып, 1950 жылы күзде ғана әскер қатарынан босап елге оралған. Елге келген соң ауданның май дайындау мекемесінің бас есепшісі, Мереке ауылының есепшісі болған. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, I дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. 2003 жылы қайтыс болған.